

Қытайша-қазақша сөздік әзірленуде

Биыл Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің филология факультеті құрамындағы «Қытай филологиясы» кафедрасының құрылғанына – 5 жыл. Аталған білім ордасында осынау игі шарға арналған «Қазақстандағы қытайтану ғылымы: Тарихи, бүгінгі мен болашағы» атты II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Айдана НҰРМҰХАН

Жиынға осы салада еңбек етіп жүрген белгілі ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ҚХР-дың Қазақстандағы елшілігінің өкілдері, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданының мәдениет басқармасынан келген арнайы делегация қатысты. Мұнда «Қытайтану» ғылымының мән-маңызы, «Қытай филологиясы кафедрасының көкейкестілігі мен «Қытайтану» зерттеу институтын құру жөнінде бірқатар мәселелер көтерілді. Конференцияға қатысушылар пленарлық бөлімде түрлі секциялар бойынша баяндамалар жасады. Отандық ғалымдардың басым бөлігі елімізде Қытайтану институтының құрылуы өзектілігіне ерекше тоқталды. Бұл жақын «Қытай филологиясы» кафедрасының менгерушісі Дүкен Мәсімханұлы «Қытайда Орта Азия мен

байланысып жатқан бұл мемлекеттің Қазақстан үшін стратегиялық, экономикалық, әлеуметтік және саяси маңызы зор. Ел экономикасы мен әлеуетінің өркендеуі, ұлттық өндірістің қарқынды дамуы көршілес мемлекетпен тығыз байланысты. Сол себепті де, Қытаймен қоян-қолтық араласып, көп векторлы қарым-қатынастың дамуына әу бастан үлкен ден қойылып келеді. Әсіресе, қандай дос яки туыс мемлекет болмасын, бір-бірін ғылым тұрғыда ұдайы зерттеп, әлемдік жаналықтары мен оқиғаларына баға беріп отыруы қажет. Мұндай мәселелер еліміздегі «Қытайтану» ғылымына зор міндет арттады. Осы тұрғыда 2011 жылы Еуразиялық ұлттық университет басшылығының шешімімен «Қытай филологиясы» кафедрасы құрылған болатын. Былтыр алғашқы түлектерімізді аяқтандырдық, — дейді кафедра жетекшісі. «Қытай филологиясы» кафедрасы



Қазақстанды зерттейтін жиырмалан астам ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары бар. Ал бізде бірде-бір орталық жоқ. Отандық ғалымдар Қытай жөнінде сөз бола қалса, ресейлік қытайтанушыларының мәліметтеріне жүгіруге мәжбүр. Ресейдің саяси көзқарасы бізге «тамақ» болмайды. Кез келген алпауыт мемлекет хакімді өзіндік халықаралық көзқарасымыз қалыптасуы тиіс. Осы тұрғыда «Қытайтану» ғылыми-зерттеу институтының құрылуы аса маңызды» деп атап өтті.

Қытайдың Сиань шетел тілдері университеті, Шыңжаң университеті және Шанхай университеттері сынды іргелі жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Қазіргі таңда, кафедра аясында қазақ тілінде «Қытай (Энциклопедиялық анықтамалық)», «Қытайша-қазақша сөздік», «Қытай әдебиетінің тарихы» атты екі томдығы сынды ғылыми жобалар даярлануда. Аталмыш зерттеу жұмыстары «Қытай филологиясы» кафедрасының менгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Дүкен Мәсімханұлының жетекшілігімен жүзеге асырылып келеді.

Конференция аясында ғалымның «Дүкен Мәсімханұлы. ТАҢДАМА-ЛЫ» атты үш томдық ғылыми-зерттеу еңбектерінің тұсаукесер рәсімі өтті. Мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген жинақтың бірінші томына «Мұхтар Әуезов және Лу Шинь» және «Жыр жебе» атты екі монографиялары кіреді. Таңдамалы жинақтың бірінші томдығы туралы автор «Кенес одағы заманындағы саясаттың қысыпыммен Әуезовтың Гоголь, Толстой, Чеховтан үйренгенін, орыс зиялыларына қалай шәкірт болғанын ғана жаздырып келді. Профессор Серік Жанболаттың алғысөзімен ашылған алғашқы томда ұлы суреткер Әуезов пен жазушы Лу Шиньді салыстыруға мүмкіндік алдым. Тәуелсіздік жылдары әдебиетке бір кезінде келген екі ұлы жазушының ағартушылық еңбектерін тарихи-типологиялық тұрғыда зерттеуге мүмкіндік туды. Осы томдағы екінші монография Шығыс Түркістан кезіндегі әдебиеттегі ұлт-азаттық идея тақырыбын қарастырады. Екі мың данамен шыққан жинақтың екінші томы тұтастай «Қытайтану» бағытындағы ғылыми-зерттеу еңбектеріне арналса, үшінші томдықта ежелгі түркілер мен қытайлардың қарым-қатынасы туралы баяндалады.

Ел тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындаған мемлекет — Қытай Халық Республикасы. Бірер айдан соң, екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың қалыптасқанына 25 жыл толады. 1700 шақырымнан астам шекарамызбен

Асылы ОСМАН, Қазақстан Халқы ассамблеясының өкілі:

АНА ТІЛІҢ - ӨЗІҢЕ КЕРЕК, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - БАРШАҒА ОРТАҚ



Асылы ОСМАН (Астана)

Биыл Қазақстан жұрты Тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойласа, Президент бастамасымен дүниеге келген Халық ассамблеясы 21 жылдығына аяқ басады. Бұл құрылымның қазіргі тыныс-тіршілігі, өгемендік жылдары атқарған жұмысының нәтижелері, мемлекеттік тілді аз ұлыс өкілдеріне игерту де қосқан үлесі мен Елбасының болашаққа бағыт берген «Ұлт жоспары» жайлы қоғам қайраткері, тіл жанышары Асылы Осман «Айқын» газетіне берген арнайы сұхбатында баяндады.

— Елімізде болып жатқан жақсылықтың бәрі — Тәуелсіздіктің арқасында. 25 жыл деңгейіміз — адам өмірінен есептесек, құдайға шүкір, оң мен соның танытын адам боп шығатын кезең ғой, — деп бастады Асылы Осман. — Тарихпен есептесек, бұл кезең теңізге тамған тамшыдай. Бірақ Тәуелсіздік алған жылдардың әр күнінің қаншалықты қымбат екенін жан-дүниенімен сезіне білуің керек. Еліміз өгемендік алған жылдары қуанышқа бөленбеген адам жоқ шығар. 1991 жылы Қазақстанның Тәуелсіздігі жарияланып жатқан заманда еріксіз көзіме жас үйірілген еді. Бұл — қуаныштың жасы елі.

Алаға шүкір, өгемендіктің арқасында жеткен жетістігіміз ауыз толтырып айтарлықтай. Өз алдымызға жеке шаңырақ боп отырғанымызды өзіндей бақыт! Қазақстанның тұтпалар шапса тұяғы мұқалатын, сұңқар ұшса қанаты талатын кен байтақ жері мен даласы бар. Қазақ атам заманнан «Ортақ өңізден ошабу артық» деп тектен-текке айтпаған. Тіпті онашпаланып, тәуелсіз, дербес ел болуымыздың өзі үлкен бақыт! Еліміздің басқа жетістіктерін айтпағанның өзінде Қазақстанның дербес ел ретінде әлемге танылғанын өзі не туралы?! 1969 жылы Ленинградқа (қазіргі Петербург қаласы авт.) студенттерді апарған кезімде ондағы халық Алматы деген қала барын білмейтін. Ал бүгінгі таңда Қазақстан — әлемге өйгілі мемлекет. Құдайға шүкір, бұл Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемел саясатының арқасында. Ел үшін, жер үшін аянбай еңбек еткендігінің нәтижесі. Содан кейін қазақ деген халықтың кеңдігін, дарханлығын, қолы қысқа болса да, қолтығына барлық ұлыстың баласын қысқандығының арқасында елімізде бірлік те, татулық та, тұтастық та, ынтымақ та нығайып жатыр.

— Сіз үшін Тәуелсіздік жылдары есте қалған ең елеулі оқиға қайсысы? — Менің бұрыннан бір арманым болатын. Құдайға шүкір, ол арманым да орындалды. 2015 жылы Елбасымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының мінберінен алты Алаштын ана тілі — қазақ тілінде сөйлеп, мемлекеттік тілімізді алты құрлыққа танытуының өзі мен үшін үлкен бақыт пен қуаныш болды. Қай заманда мұндай болып еді? Кенес үкіметінің өзінде өз ана тілінде сөйлей алмаған халық әлемнің 200-ге жуық мемлекетінің басын біріктіріп отырған ұйымның төрінде қазақша баяндама жасауға мүмкіндік алды. Шындап келгенде, бұл менің сонау 1989 жылдан бері арманым, талап айтып жүрген дүнием еді. Өз басым «Неге біз шетелге шыққанда тек қазақша сөйлемейміз, қазақ деген ел барын біліспіз» деп талап жерде айтып жүреміз. Енді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтан басқалар да үлгі алса, игі.

— Мемлекеттік тілді кең қолданыса енгізуде ассамблеяның орны қандай? — Бүгінде мемлекеттік тілдің дамуына шүкіршілік етеміз. Бір өкініштім сол — мемлекеттік тілдің әлі де болса өз тұңғырына қонбай тұрғандығы. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне сай кең қолданыса не болып, қағаз жүзінде емес, ел жүзінде өмірдің барлық саласында қызмет етсе деген тілек

бар. Әу бастан-ақ Елбасының Қазақстан Халқы ассамблеясын құрудағы мақсаты — елімізде тұратын әртүрлі ұлыс өкілдерінің басын біріктіріп, өздері тұрған елге, жерге деген сенімді арттыру мақсаты болды деп ойлаймын. Ассамблея алғашқы уақытта кенес ретінде құрылды, мұнда әрбір ұлт өкілі мәдени орталықтарын ашуға мүмкіндік алды. Бірақ Құдайдан жасырмағанды адамнан да жасырмаймын, расында да, алғашқы кезеңдері әркім көрпезі өзіне қарай тартты. Оның мәні де, маңызы да бар. Өйткені әрбір ұлт өкілі өз мәдениеті, тілі мен діні, әдебиеті мен салтын жаңғырту арқылы тұрған мемлекетінде берілген еркіндіктің негізінде бұл жерге деген сенімді артты. Өрине, алғашқы кезде мемлекеттік тілді үйренуге онша құлықты болмағанымен, байқауымша, кейінгі кездері тілге деген ынта-ықылас артып келеді. Саған келгенде, адамның сана-түсінігі болса, саған еркіндік беріп тұрған елдің негіз тарапынан да қайтарып болуы керек ой. Достық үйінде әркім өз ана тілдерін үйреніп, сәлт-дәстүрлерін жаңғырту, әдебиеттерін оқып, тіпті сырттағы өз елдеріне тойланатын мерекелеріне дейін атап өтетін. Тіпті жағдай әлі де солай.

Алматыдағы Достық үйінде 8 этномәдени бірлестіктің жексенбілік мектептері жұмыс істейді. Атап айтсақ, шешен, грек, ұйғыр, беларусь, грузин, т.б. ұлыс өкілдерінің орталықтары. Олардың жанында мемлекеттік тілді игеретін 12 топ, өз ана тілдерін үйреніп жүрген 11 топ жасақталған. Әр топқа тіл білу деңгейіне қарай 8-ден 12 адамға дейін қатысады. Бүгінде жалпы 266 адам тіл меңгеруде. 2016 жылдың 22 маусымынан 11 қарашаға дейін жалпы тіл үйрену курстарына 1104 сағат бөлінген, оның 576 сағаты — мемлекеттік тілді меңгеруге, 528 сағаты — өз ана тілдерін үйренуге арналыпты.

— Жалпы, ассамблеяда мемлекеттік тілді үйренуге басымдық беріле ме, әлде өз ана тілдерін үйренуге көбірек жағдай жасала ма? — Ассамблеяның негізгі мақсаты — елімізде кенжелеп дамып келе жатқан мемлекеттік тіл — қазақ тілін дамытуға атсалысу деп талап жерде айтып келем. Еркіндіктің арқасында әркім өз ана тілін сақтап келе жатыр. Енді біздің барлығымыз ұйытқы болып мемлекеттік тілдің дамуына атсалысуымыз керек. Бүгінде бұған мойынсыну бар. Мемлекеттік тілдің қалыптасуына көздері жетті. 1998 жылы радио-телевизия арқылы «Мемлекеттік тіл — менің тілім» деп тікелей эфирлер жүргізілді. Ондағы мақсатым — өзге ұлт өкілдерін соған қарай ұйыстыру еді. Бұдан тыс, өз келешегін Қазақстанның болашағымен байланыстырып жатқан адамның тілін менгеру үшін «Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігі де ұйымдастырылды. Шын мәнінде, тілге көңіл бөліне бәрі де өз орнына келеді. Мұнда қаншама азаматтар балаларын қазақ мектептеріне берді! Ассамблеяның шарықтағаны — Елбасының даналығы. 2015 жылды Президентіміз Ассамблея жылы деп белгіледі. Сол кезде бұл құрылымның қандай қызмет атқарып келе жатқанын күллі Қазақстан білді. Бір қуантарлығы, ассамблея да өз жұмыс нәтижелерін елге таныта білді. — Мәселен, Әзірбайжан диаспорасының

өкілі ретінде мемлекеттік тілді сіз жақсы білесіз, тағы қаншама мәдени орталықтың төрағасы тіл біледі?

— Мемлекеттік тілді ұйғыр, құрл, түрік, т.б. мәдени орталықтардың басшылары мен қосшылары жақсы біледі.

— Яғни ассамблеяда тек қана түркі тілдес ұлыс өкілдері ғана мемлекеттік тілді игергендеуе бола ма?

— Негізі, славян халықтары мәдени орталықтарының басшыларынан гөрі, қосшыларының араларында тіл білетіндері бар. Туыс жоққа шығаруға болмайды. Салыстырмалы түрде айтқанда, бұрынғы күнге қарағанда тілді игеруде алға жылжу бар. Тілге деген ынта да, сүйіспеншілік те жоғары. Өкінішке қарай, қазірше кейбіреулер қазақтың тілінен сусындамай тұр. Егер сусындаса бұлардың аузынан қазақтың тілі ешқашан да кетпеген болар еді. 2015 жылғы зерттеулерге сәйкес, Қазақстанда 44000-дай адам мемлекеттік тілді үйреніпті. Бұл да Ассамблеяның бір көрсеткіші. Байқауымша, мемлекеттік тілді шешендер мен интуиттар балалар мен жастарға жанып салып оқытты. Мәселен, ұйғырлардың мектептері бар, олар бұл жерде қазақ тілін де жақсы игеріп алғанын айтқым келеді. Тіпті әртүрлі конференцияларда Бұнаков сияқтылар «екі тіл» дегенді көп айта тарталы ғой, бұл орайда Мәскеуде өткен конференцияда: «Қазақстанда тұратын халықтың бәрі екітілді. Қазақ халқы да, мұнда тұратын өзге ұлт өкілдері де бірнеше тілді игерген. Тек орыс халқы ғана біртүлді. Өз тілдерінен басқа тіл білмейді» деген едім, сол жиынға қатысқан мәскеулік академик ғалымдар жанымға келіп маған алғысын айтып: «Сіз шыны айтасыз, орыс халқы өз тілінен басқа тілді игере алмай келеді» деп өкініді. Соншама жыл Қазақстанда тұрып мемлекеттік тілді білмеймін деу қызық. Көбісі біледі, тек сөйлемейді. Марқұм Сергей Дьяченко қазақ тілін жәп-жәксы игеріп алды ғой?! Тілге ниет пен жоғары жақтан нақты талап болуы керек. Тілдің қажеттілігін арттыру керек. Тілге сұраныс болуы міндет. Сонымен қатар адамға адам ниет пен пайл қажет. Сондықтан тілді дамытуға ассамблеяның қосқан үлесі субелі. Бұл арада ассамблеяны елге танытуға Ералы Тоғжановтың еңбегі зор.

— Есіңізде болса, Елбасы 2017 жылға дейін қазақстандықтардың 80 пайыздан астамы мемлекеттік тілді меңгеруі керек деп жоспар қойған. Бұл мақсат орындалды ма? — Рас, оның алдында 2006 жылы Елба-

— Үштұғырлы тіл бастамасын қолдайсыз ба?

— Менің ойымша, қанша тіл білсең де, оны өзін үшін білесің. Тіл білген жақсы. Тілдің де жөні бар. Елбасы 2006 жылы үштұғырлы тіл мәселесін айтқанда, «қазақ тілі — мемлекеттік тіл, оны игеруіміз керек, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі, оны сақтауымыз керек, ағылшын тілі — техника тілі, оны меңгеруіміз керек» дегенде қуанған едім. Бұл — тұста Президент «15 жылда аюды да қазақша сөйлетеуге болар еді» деп баса айтты ғой. Бұл ұғынған адам үшін керемет сөз. Бірақ неге ары қарай бұл мұны алып кете алмадық? Неге мұны Ассамблея ту етіп ұстанбады? Ал бүгінгі таңда көтеріліп жүрген үштұғырлы тіл — артық дүние. Өрине, түрлі тілді білу керек, бірақ оны балабақшадан бастауыш сыныптан бастаған жөнсіз. Түріктер 6 сыныптан, жапондар 5 сыныптан бастап шет тілді қосалы екен. Енді сондай өркеніетті елдердің қатарына қосыламыз десек, неге солардың үздік жүйелерін өзміз алмаймыз?!

Құдайға шүкір, қазір Қазақстанда Назарбаев университеті мен Назарбаев зияткерлік мектептері нәтижелі жұмыс істеп келеді. Бес саусақ бірдей емес. Сол сияқты барлық баланың қабілет-қарымы да бірдей емес. Қабілетті балаларды жеке мектептер ашып, оқытуға болады. Сөзсіз тілді білген дұрыс. Бірақ бірінші сыныптан бастап, он-солтан танымал, тіпті атын айта алмайтын балаға үш тілді оқыту қиындау. Бұл тұста Елбасымыз «Үш тілді оқыту ұстаздармен, ата-аналармен ортаға салып, кенесу керек» деген еді. Қазақ «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деген. Неге бұл жүйені енгізуде әдіскерлермен, ұстаздармен, ғалымдар және ата-аналармен кенеспейміз?!

Елбасының иті бастамалары көп, бірақ оны жүзеге асыратын жергі жақтағы азаматтар жөнсіз ерекеттер жасап жүр. Баланың қарым-қабілетін ойламай ма? Қазақтың бәрі Абай емес қой! Қазақтың бәрі Шәкәрім мен Әліхан Бөкейханов емес қой... Қазақтың бәрі Ахмет Байтұрсыннов пен Нұрсұлтан Назарбаев емес қой! Қазақтың бәрі көп тіл меңгерген Қасым-Жомарт Тоқаев емес қой. Бірақ қазақ тұрмысының дарынды, дара халық. Бірақ соның ішінде ең мықтыларын іріктеп, жүзеге келтіру керек. Жалпы, мектептерде сабақтарды мемлекеттік тілде жүргізуіміз керек. Әркімнің ана тілі — өзіне керек, ал мемлекеттік тіл — баршаға ортақ, ол қоғамға біріктіруші, ұйыстырушы фактор ретінде аса қажет.

— Мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған бағдарламалар мен шараларға көңіліңіз тола ма?

— Мемлекеттік тілді дамытуға бөлініп жатқан қаражат та, бағытталған бағдарламалар да жоғары дәрежеде. Кезінде Елбасы Тіл комитетін құрды. Бұдан тыс ұлт саясатына қатысты комитет де жұмыс істеген еді. Бүгінде тіл комитеті министрліктің жанында жұмыс істейді, оған бөлініп жатқан қаржыны қыруар екенін есітіп жатырмыз. Бізді ашындаратыны — мұның бірінші құмағын сінген судай боп кеткені. Алғашқы кездері «Қазақ тілі» қоғамынан бастап, жалпы халықтың тілге деген ынта-ықыласы керемет еді. Жоғарыда айтқанымдай, біздің бір жан жеріміз — бәрінен бөлініп бастап кетеміз де, сол көтерілген кезде болып-толғанды кейіп танытып, жан-жаққа жайылып кететініміз. Президент бір мәселеге байланысты қозғаса, бәріміз желпілеміз де кейін басылып қаламыз. Олай болмауы керек. Тілді дамыту жүйелі түрде жүруі керек. Өйткені тіл — ұлттың жаны, құндылығы.

Қазақтың тілі тек Қазақстанда ғана қолданылады, ал өзге ұлт өкілдерінің тілі өз елдерінде оңсыз да дамып жатыр. Ал бұл жердегі тілді тек сақтау ғана мақсат. Түптеп келгенде, өз басым солардың тілін үйренуге қаражаттың бөлініп жатқанын да онша қолдаймын. Себебі ана тілін — сенің өзін үшін керек. Қай елде қай ұлттың өкілі өз ана тілін, салтын сақтап отыр?! Бірақ менің елімің басшысы кеңдік жасап, тілдерінің дамуына мүмкіндік беріп отыр. Бірақ бұл жайт мемлекеттік тілді екінші қатарға ысыру деген сөз емес. Мемлекеттік тіл — баршаға ортақ ұғым. Оны бұл — баршаға парыз.

— Әлгімінегізге рақмет!

Әлгімілескен Комшат ТАСБОЛАТ

АИҚЫН НҰРМЕДИА Меншік иесі — «Айқын газеті» ЖШС

Директор — Бас редактор — Нұртөре ЖҮСІП Амангелді ҚҰРМЕТҒАЛЫ — Бас редактордың бірінші орынбасары Берік БЕЙСЕНҰЛЫ — Бас редактордың орынбасары Есей ЖЕҢІСҰЛЫ — шығарушы редактор Серікбол ХАСАН — жауапты хатшы Жексен АЛПАРТЕП — жауапты хатшының орынбасары

БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ — саясат, экономика Қаншайым БАЙДӘУАЛЕТ — ақпарат, спорт Гүлзина БЕКТАС — руханиат, әлеумет Жолдасбек ДУАНАБАЙ — мемшіктік тілшілер бөлімі, тел: 8 (727) 315-59-60 Мәділхан ДҮЙСЕБЕКОВ — техникалық редактор

ШЕТЕЛДЕГІ ТІЛШІЛЕР: Рауангүл ЗАҚАНҚЫЗЫ — 81036304178420, (Мажарстан) Жүсіп ХИСЫМОВ — 81099312480468, (Түрікменстан) Дәурен ОМАРОВ — 8108613764808083, (Қытай)

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 АПТАЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ: 160 000